

**Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі
саласындағы Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2025 жылғы 11 шілде

Сағат 11.00.

Форматы: Офлайн-онлайн

Төрағалық етті: Беклемишев А.П., Қоғамдық кеңестің төрағасы

Қатысқандар: *(тізім бойынша).*

Күн тәртібі

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібін бекіту:

1. Дербес деректерді қорғау мәселесі бойынша Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің директоры Р.К.Әбдіқалықовтың баяндамасын тыңдау

Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы саны: 16

Қатысқандар: 8 (Оның ішінде 2-офлайн, 6-онлайн)

Қатыспағандар: 8

**2. Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің директоры
Р.К.Әбдіқалықовтың дербес деректерді қорғау мәселесі бойынша
баяндамасын тыңдау**

1. Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің директоры Р.К.Әбдіқалықовтың дербес деректерді қорғау мәселесі бойынша ақпараты назарға алынсын.

2. Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне келесідей ұсынымдар енгізілсін:

1. Дербес деректермен жұмыс жасайтын ақпараттық жүйелердің пайдаланушылары үшін биометриялық авторизацияны енгізу;

2. Дербес деректерді заңсыз таратқаны үшін жеке және заңды тұлғаларға салынатын айыппұлдарды қатаңдату мәселесін заңнамалық тұрғыда қарастыру;

3. Жеке тұлғалардың дербес деректеріне заңсыз иелік ету жағдайында келтірілген материалдық және моральдық шығындарды өтеуге қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу мәселесін қарастыру;

4. Жеке тұлғаларға дербес деректерін заңсыз таратқан интернет-платформалардың иелерін адвокат жалдаусыз сотқа бере алуына

құқықтық мүмкіндік жасау, бұл бағытта тиісті заңнамалық өзгерістерді қарастыру;

5. Қоғамдық кеңес мүшелеріне жоспарланған өзгерістер бойынша сараптамалық пікірлерін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы тарата алуы үшін ресми ақпарат пен қажетті материалдарды уақтылы ұсыну;

6. Киберкеңістіктегі қауіптер туралы және кибергигиенаны арттыру мақсатында халыққа арналған ақпараттық науқанды жаңдандыру;

7. Кибергигиена курстарына арналған оқу бағдарламаларын жоғары оқу орындары арқылы жүзеге асыру тетіктерін қарастыру.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



А. Беклемишев

**Қоғамдық
Кеңестің хатшысы**

А. Рахимов